

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы – ректор
А.М. Ибрагимов
« 01 » _____ 20__ ж.

ТОПЫРАҚТЫ АГРОХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЗЕРТХАНАСЫ ТУРАЛЫ

БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ

СМЖ. 07. БЕ.54

№ 00 басылым

№ ____ дана

Дайындалды: <u>22.08.2022ж.</u>	Келісілді: <u>25.08.2022ж.</u>	Енгізілді: <u>01.09.2022ж.</u>
Оңаев М.К. <u>[Signature]</u> Нагиева А.Г. <u>[Signature]</u>	Губашев Н.М. <u>[Signature]</u> Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u> Тасқалиев Е.К. <u>[Signature]</u> Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Алғаш рет Қайта қаралуы: <u>01.09.2025ж.</u>

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
7. Жауапкершілігі
8. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӨ	Қолы

1. Жалпы ережелер

1.1. Топырақты агрохимиялық талдау зертханасы жоғары оқу орынының ғылыми зерттеулерін, жасауларын жүргізетін және қамтамасыз ететін ғылыми-өндірістік бөлімі болып табылады;

1.2. Топырақты агрохимиялық талдау зертханасы Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехнологиялық институтының құрылымдық бөлімі болып табылады. Зертхана меңгерушісімен басқарылады, Агротехнологиялық институтының директорына тікелей бағынады;

1.3. Топырақты агрохимиялық талдау зертханасының қызметі осы ережеге сәйкес өз міндеттерін орындауға: топырақты далалық және зертханалық жағдайда талдау, топырақ үлгілерін алу, сынама жүргізуге дайындау, сынама жүргізу, талдау нәтижелерін өндеу, топырақты бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етуге, ғылыми зерттеулердің тиімділігін дамыту мен көтеруге, мемлекеттік, аймақтық орындаушы органдарының тапсырысы бойынша, шаруашылық ететін субъекттердің келісім-шарттары, гранттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауға және жүргізуге, білім алушылар мен оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатынастыруға бағытталған;

1.4. Зертхана өз қызметінде ҚР-ң заңдарын, Үкіметтің үкімдерін және қаулыларын, университет ректорының бұйрықтарын және басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

1.5. Зертхана меңгерушісі ректордың бұйрығымен тағайындалады.

1.6. Топырақты агрохимиялық талдау зертханасының негізгі мақсаттарын, қызметтерін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, құрылымын анықтайды.

1. Құрылымы мен штаты

1.1 Бөлімнің құрылымы және штаты ректордың бұйрығымен бекітіледі.

1.2 Штаттық құрамы:

Зертхана меңгерушісі – 1,0 бірлік.

Аға ғылыми қызметкер - 2,0 бірлік.

Аға зертханашы - 1,0 бірлік.

2. Мақсаты мен негізгі міндеттері

3.1. Топырақты агрохимиялық талдау (6 негізгі көрсеткіштері – рН, органикалық зат, жылжымалы фосфор, калий, күкірт, нитратты азот), агрофизикалық құрамын талдау, егістік құнарлығының күйін бағалау, топырақтағы қоректік заттардың құрамының деңгейін анықтау, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, ауыспалы егістік түрін ұсыну, топырақ мониторингі мәселелері бойынша фундаментальды және қолданбалы зерттеулерді жасақтауы және жүргізу;

3.2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізуге дайындау және қамтамасыз ету;

3.3. Аймақта жаңа технология, материалдар және маңызы зор әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешу мақсатында жаңа ғылымды көп талап ететін технологияларды жасақтау және жүргізу үрдістерін қарқынды түрде жүзеге асыру;

3.4. Ғылыми-педагогикалық кадрлар және мамандар дайындау сапасын көтеруге, жоғары оқу орнында профессорлық-оқытушылық құрамының дәрежелерін өсіруге көмек көрсету;

3.5. Әртүрлі мәселелерді шешу мақсатында бар немесе жасалып жатырған химиялық зерттеулерді талдау, олардың әрі қарай дамуына ұсыныстар жасау;

3.6. Топырақты зерттеу саласында өткізілетін ғылыми-зерттеу жобаларын жасақтау және сараптау;

3.7. Мекемелерді консалтингтік қамтамасыз ету.

4. Қызметтері мен міндеттері

4.1. Ғылыми зерттеулердің жоспарларының жобаларын жасақтайды;

4.2. Зерттеулердің және жасақтардың қазіргі заманға сай ғылыми-техникалық деңгейде өтуін, жүргізілетін жұмыстардың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді;

4.3. Ғылыми зерттеулердің техникалық тапсырмалар және бағдарламаларға сәйкес уақытында және сапалы өтуін бақылайды;

4.4. Өткізілетін зерттеулердің қажетті жағдайларда мемлекеттік тіркелуін және ғылыми-зерттеу іздену жұмыстары бойынша тапсырма берушіге есеп берудің уақытында және дұрыс болуын қамтамасыз етеді;

4.5. Жоғары оқу орнында қоданылатын құрал, әдістер және жоғары оқу орнында шығарылатын ғылыми-техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттардың, техникалық жағдайларға және басқа да нормативті құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ өлшем құралдарын мемлекеттік және ведомстволық тексеруге береді;

4.6. Штаттағы ғылыми қызметкерлерді, білім алушылар, магистранттар, PhD докторанттардың ғылыми жұмыстарына басшылық етуге, дәріс оқуға, семинар өткізуге және де ауыл шаруашылығы саласындағы басқа да оқу жұмыстарына шақыруға көмек көрсетеді;

4.7. Өзінің зертханалық базасын магистрант және докторанттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге береді;

4.8. Жұмыс істеп тұрған зертханаларды жетілдіруге және жаңа оқу, ғылыми зертхана жасауға қатысады;

Топырақты агрохимиялық талдау зертханасы осы ережеде артылған мақсаттар мен қызметтерді толық мөлшерде орындауға тиісті.

5. Құқықтары

5.1. Ғылыми- зерттеулерді жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;

5.2. Университет бөлімшелерінің зертхана қызметтерінің мәселелері талқыланып және шешілетін жұмыстарына қатысуға;

5.3. Университет ректорымен бекітілген зертхана жоспарларына керекті жағдайларда өзгерістерді енгізуге.

6. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы

6.1. Зертхана университеттің барлық бөлімдерімен ғылыми-зерттеу қызметтерді көрсету аясында өзара байланыста әрекет етеді.

7. Жауапкершілігі

7.1 Осы ережеде көрсетілген мақсаттардың, міндеттердің, қызметтердің сапалы және мезгілімен орындалуына зертхана меңгерушісі жауап береді.

7.2. Зертхананың басқа қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген.

8. Сілтемелер

8.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;

8.2 ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319-III;

8.3 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V;

8.4 ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. № 407-IV;

8.5 ҚР СТ ИСО 9000-2007 Сапа менеджментінің жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік;

8.6 ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

8.7 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жарғысы;

8.8 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасы;

8.9 Университеттің ішкі тәртіп ережелері СМЖ.08.ҚЕ.06;

8.10 Университеттің ішкі нормативті құжаттары.